

Құрманғазы Сағырбайұлы
атындағы жалпы орта мектебі

«Ұстаз - ұлы тұлға» мерекелік кеш

Орындаған: Төлесін Аппак
Борашев Ерболат

2021-2022 оқу жылы

1-жүргізуші: Ассалаумағалейкүм, кадірмендіқауым!

2-жүргізуші: Армысыздар, кадірліұстаздар! «Ұстаздар ұлы тұлға» атты мерекелік кешімізді ашық деп жариялаймыз.

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар! Сіздерді Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жандүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»...

2 жүргізуші: Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға

2 жүргізуші: Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт тілейміз. Әрдайым осылай арамызда бізге үлгі – өнеге көрсетіп, жадырап жүре беріңіздер!

1-жүргізуші: Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымына ақ лебіз, жылы тілегін білдіру үшін ортамызға мектебіміздің директоры Нұрымбет Жалғас Жүнісұлын шақырамыз.

2 жүргізуші: Ұстаз болу – жүректің батырлығы,

Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,

Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,

Азбайтұғын адамның алтындығы.

Ән: «Мың алғыс саған Ұстазым» Орындайтын: Борашев Ерболат
Ярмуханбетова Динара

1 жүргізуші: Ұстаздар! Қандай ғажап халықсындар!

Шәкіртке шыңдай биік алыпсындар

Жан біткен жанарыма нұр сыйлаған,

Күндей боп күлімдеген жарықсындар.

2 жүргізуші: Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

1-жүргізуші: Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегіндегі қадір тұтып құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі-ұстаз.

Келесі кезекті шағын езу тартарға береміз.

2-жүргізуші: «Ұстаз» деген сөз қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «Ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «Ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.

Төлесін Аппақтың орындауында «Жақсы адамдарым» әні қол соғып
қошеметтеп отырыңыздар.

1 жүргізуші: Ұстаз, ұстаз, қасиетті есімің,

Құттықтайды барша халық осы күн

Өзің берген біліміңе қандырып

Талай ұлан шәкірттерді өсірдің!

2-жүргізуші: «Жас қанат» жастар ұйымының өздеріңізге арналған құттықтауын қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: «Ұстаз» деген ардақты, киелі, үлкен құрметпен айтылатын сөз, ол әр адамның жастайынан сауатын ашатын, өнеге үйретіп, тәрбие беретін «Білім» атты кемеге отырғызып, болашаққа жол көрсететін, аңандай әлпештеп, маңдайынан сипайтын адам.

2-жүргізуші: Денсаулықтарыңыз мықты болсын, шаңырақтарыңыз шаттыққа толсын, дей отырып бүгінгі салтанатты кешімізді жабық деп жариялаймыз. Келгендеріңізге рахмет

1-жүргізуші: Сөз кезегін ардагер ұстазымыз Мұңалбаев Мұханбет және құрметті қонақтарымызды шақырамыз.

Дайындаған: Төлесін А

Борашев Е